

«№30 қазақ орта мектебі» КММ



«№30 қазақ орта мектебі» КММ –де тәрбие жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығы негізінде ұйымдастырылған тәрбие жұмысының ЖЫЛДЫҚ ТАЛДАУЫ

2022-2023 оқу жылы

«№30 қазақ орта мектебі» КММ –нің тәрбие жұмысының 8 бағыты бойынша талдауы

«№30 қазақ орта мектебі» КММ –де тәрбие жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығы негізінде ұйымдастырылды.

Тәрбие жұмысының ұраны:

«Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы».

Өзекті мәселе:

Жеке тұлғаның жан–жақты дамуына қолайлы жағдай туғызу арқылы дені сау, ұлттық, патриотизмдік сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, еңбекқор адамды тәрбиелеу.

Мақсаты: Тәрбие процесінде жаңашыл ой–тәжірибе негізінде жеке тұлғаны жан–жақты дамыту. Жастардың бойына азаматтық пен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, оқып үйренуге тәрбиелеу. Өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау.

Міндеттері:

1. Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты қалыптастыру.
2. Тәрбие процесіне жаңа технологиялар мен әдістемелерді енгізуді жалғастыру
 - А) класс жетекшілерінің шығармашылық зертханаларын толықтыру
 - Ә) класс жетекшілерінің іс-тәжірибесін тарату, басылымдар шығару
 - Б) класс ұжымының арасында өзін-өзі басқару жұмыстарын жалғастыру
3. Оқушылардың ғылыми–шығармашылық жұмыстарының сапасын көтеру, нәтижеге жұмыс жасау.
 - А) «Жас Дәурен» орталықтарының жұмыс сапасын көтеру.
 - Ә) «Жас ұлан» балалар ұйымының жұмысын жандандыру, нақты нәтиже көрсету.

«№30 қазақ орта мектебі» КММ –де тәрбие жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығы негізінде және ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері негізінде ұйымдастырылды.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік –құқықтық құжаттары:

- 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;

- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы No 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі No145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы No 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

Мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу. Мектептегі тәрбие жұмысы тұжырымдамаға сәйкес 8 бағыт бойынша ұйымдастырылады:

- Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
- Рухани – танымдық адамгершілік тәрбие
- Отбасы тәрбиесі
- Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
- Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты
- Ұлттық тәрбие
- Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
- Көпмәдениет және көркем-эстетикалық тәрбие

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағыты бойынша «БІЛІМГЕ ҰМТЫЛУ, ЕҢБЕКСҮЙГІШТІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ» тақырыбында білім сабақтары, «Сыңғырла, алғашқы қоңырау!» алғашқы қоңырау салтанатты жиыны, «Бала құқығы- адам құқығы» айлық акциясы, «Менің Отаным- Қазақстан!» сурет көрмесі, «Менің Рәміздерім - менің Қазақстаным» атты Мемлекеттік Рәміздерге арналған іс-шаралар, Республика күніне орай "Патриотизм дауысы" тақырыбында МЕМЛЕКЕТТІК ГИМН орындау шарасы, “Қыран елім-Қазақстаным тақырыбында мерекелік шара өткізілді. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың “Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам” тақырыбындағы жолдауын талқылау мақсатында мектебіміздің мәжіліс залында ұжымдық отырыс ұйымдастырылды. Отырыс барысында мектеп директоры И.Б. Амитжанова сөз алып, жолдаудың маңызды тұстарын атап өтті. Сонымен бірге, тарих пәнінің мұғалімдері Б. Сейілханқызы және Е. Мұқанбетсадықов баяндама жасады. Өз баяндамаларында жолдаудың әрбір бағытына тоқталып, білім жүйесіне қатысты тұстарына өз пікірлерін білдірді. «Тәуелсіздіктің 7 қыры: парасатты шешім» бейнефильмдер тамашалаулар, «16-желтоқсан Тәуелсіздікке- 31 жыл» тақырыбында іс –шаралар ұйымдастырылды. Атап айтсақ, 9 "А" және 9 "Б" класс оқушыларымен “Ерлік сабағы” өткізілді. Ерлік сабағына Ауған соғысының ардагері Айтбай Нұрлан Құсейінулы және мектебіміздің АӘД пәні мұғалімі Б. Момышұлы медалінің иегері, запастағы капитан Жұбатыров Қантөре Таңжарбайұлы қатысты. Батылдық пен ерліктің ерен үлгісін көрсеткен қаһарман ардагеріміз Тәуелсіздікке жету жолындағы ойымен бөлісіп, оқушылардың бойында Отанға деген сүйіспеншілігін арттырып, патриоттық сезім ұялатты. Сонымен қатар, “Тәуелсіздіктің дара жолы” тақырыбында кездесу кеші өтті. Кездесуге желтоқсаншылар Срашов Ж.К., Казбанова З.Ж. және облыстық өлкетану мұражайының тарихшы, аға ғылыми қызметкері Сансызбаева Н.С. қатысып, тақырып аясында маңызды мағлұматтар беріп, жылжымалы кітапханамен таныстырды. Сонымен қатар, барлық кластарда “Тәуелсіздік-баға жетпес байлық” тақырыбындағы класс сағаттары өткізілді. Өз халқының тарихының өнегелі жақтарын білу, өз еліңнің кешегі және бүгінгі қаһармандарын мақтаныш ету, олардың ерлігіне

тағзым ету, оларға сай болу патриотизмнің басты құрамдас бөлігі болып табылады. Осы мақсатта мектебімізде Ауған жерінен Кеңес әскерлерінің шығарылғанына 34 жыл толуы қарсаңында “Ел келешегі-патриот жастар” тақырыбында кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге Ақтөбе қаласы Астана және Алматы аудандарының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген басқарманың Тәрбие, идеологиялық, әскери патриоттық жұмыстар атқару бөлім басшысы майор Кутанов Избасқан Шабанұлы, Ақтөбе қаласы Әскери госпиталь бастығы медицина қызметі полковнигі Искендинов Арман Асылбекұлы, Екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Талғат Бигельдинов атындағы Әуе қорғаныс күштерінің әскери институтының медициналық пәндер кафедрасының бастығының орынбасары, кафедра доценті запастағы медицина қызметінің подполковнигі Жанжанов Амандық Сисенбайұлы қатысып, келелі ойларымен бөлісті. Сонымен қатар, патриоттық тәрбие бағытындағы іс-шаралар жоспарына сәйкес “Ардагерлер ерлігі-ұрпаққа үлгі” тақырыбында ауған соғысы ардагерлерімен кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге Тәжік-Ауған шекарасы Ардагерлер одағының төрағасы Құлтаев Нұрғиса Бекмұратұлы, «Ақтөбе облыстық Ауған соғысы жауынгер-интернационалистерінің қоғамдық бірлестігі» төрағасының орынбасары Жұмабеков Аманкелді Байышұлы, Ауған соғысының ардагері Иманқұлов Амангелді қатысып, келелі ойларымен бөлісіп, келешек жас ұрпақтың бойына болу керек құндылықтар туралы сөз қозғады. Қорғаныс-спорттық айлығы шеңберінде мектеп білім алушылары Ақтөбе қаласының территориясында орналасқан ҚР ҚМ №30238 артиллерия және ракета әскери бөліміне және ҚР ПМ 6655 Ұлттық Ұлан әскери бөліміне экскурсия жасады. Сонымен қатар, «Ер азамат атына лайық бол!» тақырыбында 1-11 кластар арасында класс сағаттары өткізілді.

7,9 мамыр мерекелеріне арналған «Батырларға тағзым» шарасына мектеп оқушылары қатысты. «Мен елімнің патриотымын!» тақырыптарында соғыс, тыл ардагерлеріне құрмет көрсету акциялары ұйымдастырылды. «Жас жауынгер- 2023» байқауы, сонымен қатар, мектепшілік Қ.Қайсенов атындағы «Қаһарман» әскери-патриоттық клубының мүшелері арасында «Жас ұлан» әскери-саптық байқауы ұйымдастырылды.

Құқықтық тәрбие бойынша мектеп инспекторымен бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылды. Мектеп өзін өзі басқару ұйымының құқық фракциясы мектеп оқушыларымен мектеп инспекторының кездесулерін ұйымдастырды. Жыл бойына ескерту жасалған оқушылар болған жоқ. Дегенмен «Тәуекел» тобында тұрған оқушылар бақыланып, мектеп психологтары тарапынан қадағалау жұмыстары жүргізілді. «Жасөспірім», «Балалар түнгі қалада», «Каникулы» жедел іс-шаралар жұмыстары жүргізілді. Мектептің ер мұғалімдер тарапынан құрылған тәртіп сақшылар тобы рейдтерге шықты. Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының әдіскері, психологі-Байдуашева Сандигуль Базаркулқызының қатысуымен 8-11 класс оқушыларына арналған “Жасөспірім және буллинг” тақырыбында жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында Байдуашева Сандигуль Базаркулқызы “Жасөспірім және буллинг” тақырыбында дәріс оқып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. “Есінде сақта!” бинеролигін көрсету арқылы жасөспірімдер арасындағы буллингің түрлері, әлеуметтік желілердегі қарым-қатынас туралы кең мағлұмат берді. «Интернет тәуелділіктің алдын алу- басты мақсат», «Құқықбұзушылықтың алдын алу- міндет» тақырыптарында мектеп инспекторы А.Қонысовамен кездесулер ұйымдастырылды. «Құқықбұзушылыққа жол жоқ!» тақырыптарында бірыңғай класс сағаттары, «Тәртіптің тамаша мектебі – отбасы» тақырыбында ата-аналар жиналыстары өткізілді. Сонымен қатар, Жасөспірімдердің құқықтық сауаттылықтарын арттырып, құқықбұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстыруға арналған 9-11 класс ата-аналарына арналған жиналыс өткізілді. Жиналысқа Ақтөбе қаласы ПБ ювеналдық полиция бөлімшесінің бастығы полиция майоры Жалекешова Ботакоз Маратовна, Астана ауданының #1 қалалық полиция бөлімінің ЖПҚБ бастығы, полиция майоры Б.Зиядинұлы және қалалық білім бөлімі “Әдістемелік кабинет” әдіскері

Кульжанова Роза Жумабековна қатысты. Сонымен қатар кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында Ақтөбе қаласының прокуратурасымен дайындалған ата-аналарға арналған жадынамалар таратылды.

Мектебіміздің Қ.Қайсенов атындағы Қаһарман” әскери-патриоттық клубының мүшелері Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне арналған қала мектептерінің 2008-2009 жылы туылған жасөспірімдер арасында “Жас ұлан” әскери-қолданбалы спорт түрлерінен болған сайыста жүлделі I орын иеленді.

“Қыран елім-Қазақстаным” патриоттық өлеңдерді мәнерлеп оқу байқауының облыстық кезеңінде мектебіміздің 5 “А”-класс оқушысы Үсен Құралай 2-орынды жеңіп алды. Қалалық жас туристтер станциясы ұйымдастырған “Гүлдене бер,Қазақстан” өлкетану олимпиадасына 9 «В» класс білім алушысы Мукадинов Алихан қатысып, 1-орын алды. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің құрылған күніне орай қала мектептерінің оқытушылары арасында өткізілген “Мерген мұғалім-2023” пневматикалық винтовкадан нысана көздеп ату жарысында әйелдер арасында жекелей есепте мектебіміздің информатика пәні мұғалімі Мубарак Тұрсынай жүлделі III ОРЫН иеленді. ҚР Қарулы Күштерінің құрылған күніне орай қаланың жалпы білім беретін мектептерінің жоғарғы класс оқушылары арасында өткізілген “Жас Жауынгер-2023” әскери-қолданбалы спорт түрлері жарысында “N30 қазақ орта мектеп” командасы жүлделі II орын иеленді. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылғанына 31 жыл толуына орай, қала мектептерінің орта буын оқушыларымен өткізілген “Жас Ұлан-2023” әскери-қолданбалы спорт жарысында N30 қазақ орта мектебі жүлделі I ОРЫН иеленді. 7 мамыр-Отан қорғаушылар күніне орай “Мен елімнің патриотымын!” атты қалалық жігіт сұлтаны байқауына мектебіміздің 10”А” класс оқушысы Абильдаев Дияс қатысып Алғыс хат иеленді.





16 желтоқсан
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
Тәуелсіздік күні



Рухани –танымдық адамгершілік тәрбие бағыты бойынша жылдық жоспарға сәйкес іс-шаралар жүргізілді. Атап айтсақ, қарттар күніне арналған іс-шаралар, «Адал-сатылмайтын еңбек» класс сағаттары, «Толеранттылық- әлемге апарар жол» тақырыптарында 1-11 кластар арасында класс сағаттары өткізілді. «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» акциялары жыл бойы мектептің өзін өзі басқару ұйымы және «Жас ұлан» ұйымы, «Адал ұрпақ» клубтары тарапынан ұйымдастырылып, өткізілді.

Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында ұлттық салт-дәстүрімізді жаңғыртып, жас ұрпақ бойына сіңіру мақсатында облыстық өнер мұражайында өткен “Бабалар жолын жалғаймыз” тақырыбындағы Қазақстан колөнершілер одағының мүшесі Бердібекова Лаура Қуантайқызымен өткен танымдық сабағына мектебіміздің білім алушылары қатысып, кеңінен мағлұмат алды. 1- наурыз Алғыс айту күнінде мектебіміздің көпбалалы аналарына дәстүрлі түрде құрмет көрсетілді. Мектебіміздің “Жан жылуы” еріктілер клубы мен өнерпаз балаларымыз мерекелік көңіл-күй сыйлап, ән-жырларын арнады. Мектеп қамқоршылық кеңесінің атынан сыйлықтар табысталды

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ұйымдастырылған іс-шаралар бойынша жыл бойы «Букроссинг», «Мектепке кітап сыйла!», «Менің оқыған кітабым!», «Ертегілер желісімен!», «Кітап fest» акциялары ұйымдастырылып, барлық кластар, ата-аналар, мектеп

түлектері белсене қатыса білді. “Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында “Мектебіңе кітап сыйла” акциясына орай мектебіміздің бұрынғы ата-анасы, 2012 жылғы мектебіміздің түлегі, Алтын белгі иегері Баймуханова Меруерттің әкесі Болат Шағырбайұлы Баймухановтың жеке кітапханасынан мектебімізге 500 кітап тарту ету салтанатты рәсіміне арналған “Артында өшпейтін із қалдырған” тақырыбында кездесу кеші өткізілді. Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған гуманитарлық колледж студенттері мен мектеп оқушылары арасында “Алаштың ұлы ұстазы” атты ғылыми конференция өтті. С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы "Оқитын өлке" акциясы аясында қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, ақын, Жазушылар Одағының мүшесі С.Баймолдиннің 80 жылдығына орай "Жыр ғұмыр" атты әдеби сазды жыр сағатына мектебіміздің мәнерлеп оқу үйірмесінің мүшелері қатысты. "Оқуға құштар" жобасы аясында Қабанбай батырдың туғанына 330 жыл толуына орай «Дарабоз батыр-Қабанбай» атты тарихи-танымдық шара өткізілді. Іс-шараға Сағи Жиенбаев атындағы Ақтөбе облыстық жасөспірімдер кітапханасының кітапханашы Сұлтанбекова Лаура Ерікқызы, жасөспірімдерге қызмет көрсету бөлімінің меңгерушісі Төлегенова Айнұр Нұрсайынқызы, мектеп кітапханашысы М.Дәнекерова, тарих пәнінің мұғалімдері қатысты. Мектеп оқушылары батыр бабамыз туралы шығармалардан үзінділер айтып, жырларын оқыды.

Мектебімізде жасөспірімдер арасында діни экстремизмнің алдын алуға байланысты іс-шаралар жоспарына сәйкес “Дін және жасөспірім” тақырыбында Дін мәселелері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталығының басшысы Ұлқабай Сансызбай Жәдігерұлы, Дін мәселелері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталығының теолог маманы Мирманов Жандос, Дін мәселелері және қоғаммен байланыс жөніндегі орталығының психолог маманы Тулепбергенов Тимур Тайбековичпен кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге 9-11 класс оқушылары қатысып, діни теріс ағымдар, діни экстремизмнің жасөспірімдер өміріне қауіптілігі туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Рухани- танымдық адамгершілік бағыты бойынша қамқоршылық, қайырымдылық жұмыстарына мектепшілік «Жан жылуы» еріктілер клубының мүшелері белсенді қатысып, қайырымдылық шараларын өткізіп, мектебіміздің 25 отбасына азық-түліктер апарып, көмек көрсетті. Сонымен қатар, облыстық «Біз біргеміз!» волонтерлар сайысына қатысып, I орын иелендік. Сонымен қатар, «Жан жылуы» еріктілер клубының мүшелері алғыс хаттармен марапатталды. Мектебіміздің “Жан Жылуы” еріктілер тобы «Ақтөбе облысы жастар мен балалар ұйымдарының қауымдастығы» ЗТБ бастамасымен 11-29 ақпан күндері жасөспірім мен жастар арасында ұйымдастырылып жатырған «Күшіміз бірлікте» атты акциясына белсенді қатысуда. Мектебіміздің 5 “Г” класс білім алушылары “Оқуға құштар мектеп- оқуға құштар ұлт”, “Балалар және театр” жобалары аясында 5-кластар арасында өткен қалалық білім бәйгесіне қатысып, жүлделі III орын иеленді.





Отбасы тәрбиесі бағыты бойынша жылдық жоспарға сәйкес Отбасы күні, «Отан отбасынан басталады» тақырыбындағы апталық аясында іс-шаралар: «Менің отбасым» челленждері, «Менің отбасымның жәдігерлері» «бақытты отбасысының ұланымын!» атты танымдық шаралар, психологиялық тренингтер, 15- қыркүйек, 15-мамыр Отбасы

күніне арналған бірыңғай класс сағаттары өткізілді. Мектепшілік аналар, әкелер клубтарының жұмыстары жүргізілді. Жыл бойы «Әке – асқар тау», «Әке – отбасының тірегі», «Мен әкемнің жалғасымын» тақырыптарында мектеп әкелер клубының мүшелерінің қатысуымен әкелер конференциялары, танымдық семинарлар өткізілді. Аналар клубы облыстық аналар кеңесінің ұйымдастыруымен өткен облыстық семинарларға қатысты. Сонымен қатар, мектепшілік «Инабат» қыздар клубының мүшелерімен бірге мектебіміздің 5- класс қыздары мен аналарына шебер класс ұйымдастырды. Мектепшілік наурыз мерекелерінде «Ұлттық тағамдар», «Бауырсақтың жасалу жолдары», «Анаммен бірге тағам жасаймын!» «Атамның батасы», «Әжемнің батасы», «Әкеммен бірге өткізген күн!» тақырыптарында челленджерге белсенді қатысты.

“Отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастық- баланың үйлесімді дамуының басты көрсеткіші” тақырыбында жаңа форматта жалпы ата-аналар жиналыстары өткізіліп, ата-аналардың пән мұғалімдерімен сұхбаттасуына арналған ашық алаңдары, ашық есік күндері ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, отбасы тәрбиесі бағыты бойынша ата-аналар мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында «Достық» ата-аналар спартакиадасы өткізілді. Спартакиада шахмат, волейбол, үстел теннисі түрлерінен ұйымдастырылды. Мектепшілік ата-аналар спартакиадасына мектебіміздің ата-аналары белсене қатысты. Жыл соңында жыл қорытындысы бойынша ата-аналарымызға арналған «Жұлдызды сәт-2023» марапаттау салтанаты өткізілді. Мерекелік салтанатты шарада мектебіміздің 400-ге жуық білім, спорт, шығармашылық саласынан жүлделі орындарды иеленген білім алушыларымыздың ата-аналары және мектеп өміріне белсене араласқан ата-аналарымыз марапатталды.





Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша жұмыстар жылдық жоспарға сәйкес жүргізілді. Экологиялық жоба аясында «Кабинетіңді гүлдендір!» челленджі, «Жер Ананы жасыл етіп сақтайық!», «Атаулы ағаш!» акциялары ұйымдастырылып, жыл бойы жүргізілді. Сонымен қатар, «Экоәлем» үйірмесі және «Биоәлем» үйірмесі өте қарқынды жұмыс жасады. Жетекшісі- Ермұхамбетова Қ.Р. мектеп ауласына үйірме мүшелері гүл шоқтарын отырғызды. Кабинеттерді гүлдендіруге үлес қосты. Мектепшілік «Менің елім» жобасы аясында республикалық эко жобаны қолдау мақсатында «Жасыл желек» челленджеріне қатысты. Қалалық, мектепшілік сенбідіктерге белсенді қатысты.

9-11 кластар арасында кәсіби –бағдар беру жұмыстары жүргізілді. 9а, 9ә,9б,9в, 10а,10ә,11а,11ә кластары офлайн форматта өткізілген кәсіби- бағдар беру шараларына белсене қатысып, ашық есік күндеріне қатысты.



Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты бойынша жоспарланған іс-шаралардың барлығы өткізіліп, білім алушылар нәтижелер көрсете білді. Мектепшілік тоғызқұмалақ үйрмесі, футбол, волейбол, баскетбол секциялары қарқынды жұмыс жасады. Тоғызқұмалақтан 9-11 класс білім алушылары қалалық, облыстық, Республикалық ұлттық лигасына қатысып, 9-11 класс арасында командалық I орын иеленіп, облысымыздың абыройын асқақтатты. 7-8 класс білім алушылары арасында өткен тоғызқұмалақ ойынынан II орын. Қалалық «Бес асық» турнирінен 9-11 класс білім алушылары I орын, облыстық турнирден II орын иеленді. 5-6 класс білім алушылары арасында өткен «Бес асық» ойынынан II орын, «Асық ату» ойынынан III орын иеленді. 9-11 класс білім алушылары арасында өткен футзалдан II орын иеленді.

2022-2023 о.ж. қалалық мектеп оқушылары арасында «Мектеп лига» (9-11 кл. 8 спорт түрінен; 7-8, 5-6 кл. 7 спорт түрінен) және шаңғы мен жеңіл атлетика жарыстары өткізіліп нәтижесінде жалпы командалық орын анықталды. Жалпы жарыстарға мектебіміздің 292 оқушысы белсенді қатысып нәтижесінде:

Мектеп лига жарысында 9-11 класс ер балалар I орын, қыз балалар I орын, 7-8 класс ер балалар III орын, қыз балалар III орын, 5-6 класс ер балалар I орын, қыз балалар I орын. Жалпы командалық есепте Ер балалар I орын Қыз балалар I орын жеңіп алды.

Салауатты өмір салтын сақтауда «Инабат» қыздар клубының мүшелері және «Наркобекет» тобының мүшелері арасында медицина қызметкерлерімен кездесулер, тренингтер ұйымдастырылды. Атап айтсақ, мектебімізде оқушылардың «Салауатты өмір салтын сақтайық!», «Зиянды әрекеттерден аулақ бол!» тақырыптарында Ақтөбе СӨС орталығының мамандарының қатысуымен семинар-тренинг ұйымдастырылды. Мектеп оқушылары арасында есірткі заттарын қолданудың алдын алу мақсатында «Есірткі елге де, ерге де қауіпті» тақырыбында класс сағаттары өткізілді. Қыз баланың бойындағы асыл қасиеттерді арттырып, заман ағымына сай мәліметтермен таныстыру мақсатында «Қыз тәрбиесі- қоғам тәрбиесі» тақырыбында «Инабат» қыздар клубының ұйымдастыруымен #1 қалалық емхана дәрігерлері Жетписова Б.Е N1 қалалық емхана гинекологі және Кешубаева Л.Н N1 қалалық емхана психологімен кездесу өткізілді. ГП N1 емхана мамандары Тобағабылова Ақбота Қоянбайқызы, Тилепова Бақтыгүл Біләлқызының қатысуымен 7-класс оқушыларының арасында кездесу ұйымдастырылды. Жасөспірімдер арасында каникул кезіндегі құқық бұзушылықтың

алдын алу, салауатты өмір салтын қалыптастыру, зиянды заттарды қолданудың алдын алу бойынша өзін өзі басқару ұйымы мектеп парламенті мүшелерінің ұйымдастыруымен "Біз салауатты жарқын болашақ үшін" тақырыбында "Ү-реер" еріктілер мүшелері 7-8 класс оқушылары арасында тренинг, танымдық сағатын өткізді.



Ұлттық тәрбие бағыты бойынша жоспарға сәйкес іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізілді. 1 қазан - Қарттар күніне орай мектебіміздің оқушылары арасында ұйымдастырылған "Қарттарым асыл қазынам" тақырыбында класс сағаттары өткізілді. Халықаралық қарттар мерекесі қарсаңында 2022 жылдың 30 қыркүйегінде мектебімізде өнерпаз оқушылардың қатысуымен "Атам мен әжеме жыр арнаймын!" атты мерекелік шара ұйымдастырылды. Шара соңында ата-әжелеріміз баталарын беріп, ризашылықтарын білдірді.

Мектепішілік «Фибрат» әжелер мен аталар клубының отырыстары ұйымдастырылып, "Фибрат" әжелер клубының мүшелері облыстық педагогикалық орталығы жанынан құрылған "Самғау" желілік қауымдастығының жетекші №30 қазақ орта мектебі мен №13, №34 серіктес орта мектептері арасында "Әжелер - отбасының берекесі" тақырыбында облыстық семинарға қатысып, өз іс-тәжірибелерімен бөлісті.

Шежіре күні «Наурыз бата» шарасына 1-4 кластар, «Ұлттық тәрбие- отбасы тәрбиесінің дінгегі» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. Наурыз мерекесіне орай класс сағаттары өткізілді. Ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеу мақсатында «Бауырсақ пати»

шарасы ұйымдастырылып, 1-11 класс білім алушыларына арналған «Наурыз келді, жыр келді» тақырыбында мерекелік шара ұйымдастырылды. Сонымен қатар мектебіміздің әжелер клубының мүшелері, аналар клубының мүшелері, мектепшілік үйірме мүшелері облыстық деңгейде ұйымдастырылған «Наурыз- думан» мерекесіне қатысып, облыстық білім басқармасының алғыс хатына ие болды. 14-наурыз Амал мерекесінде мектебіміздің “Жан жылуы” еріктілер клубының мүшелері, мектеп жастары таңертең мектеп білім алушылары мен ұстаздарымен көрісіп, мерекемен құттықтады. Сонымен қатар, Наурыз мерекесіне орай ұйымдастырылған Республикалық домбыра челленджіне мектебіміздің білім алушылары қатысып, Құрманғазының “Балбырауын” күйін орындады. Жалпы білім беретін мектептер арасында ұйымдастырылған “Сырлы жеңге, сұлу қыз” қалалық сайысында мектебіміздің 9А класс оқушысы Файзуллина Дильбара жүлделі ІІ орын иеленді. Ұлттық мәдени-ағартушылық жобаның “Туған өлкем” фестивалі аясында 18 сәуір - Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындар күніне орай “Ескерткіш-ел мұрасы” республикалық байқауында мектебіміздің оқушысы Жанбалаева Айым І ОРЫН, Тажибаева Алина ІІ ОРЫН иеленді.



Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағыты бойынша оқушылардың білім олимпиадалары мен түрлі байқау, сайыстарға қатысымы қамтамасыз етілді. Мектепшілік жиындарда барлық жүлдегер білім алушылар марапатталып отырды. «Жас дарын» орталығы жанынан құрылған «Ұшқыр ой алаңы» дебат клубы өз жұмыстарын тиімді ұйымдастырып, қалалық турнирлерге қатысып, ІІ орын, ІІІ орынға және алғыс хаттарға ие болды. Бұқар жыраудың туғанына - 330 жыл толуына орай “Көмекей әулие-Бұқар жырау” атты Ақтөбе мектеп лигасы пікірсайыс турнирінде мектебіміздің “Сақ” дебат клубы үздік шығып, ІІІ орын иеленді. Жетекшісі

Мұқанбетсадықов Е.Қ. Сонымен қатар, Ұшқыр ой алаңы жобасы аясында мектепшілік турнирлер өткізілді. Ақпараттық мәдениет бағыты бойынша мектеп инстаграмм желісі, мектеп сайты, мектеп фейсбук желілері ұйымдастырылды. Әр кластың инстаграмм парақшалары жүргізілді. Жасалған іс-шаралар уақытында инстаграмм парақшаларына жарияланып отырылды. Сонымен қатар, 2023 жылдың 12 сәуірі күні Республикалық “Шахмат ойыны” челленджі аясында ұйымдастырылған шараға N30 орта мектебінің мектепшілік “Шахмат” үйірме мүшелері мен ұстаздары белсене қатысты. Мектебімізде зерттеу жобаларын дайындап, байқаулардан жеміспен оралып жүрген оқушыларымыз бар. Осы оқушылар өз жұмыстарын ортаға салып, қыр-сырымен таныстырды. Зерттеу жұмыстарын жүргізу барысындағы қызықты ақпараттармен бөлісті. Сондай ақ, 10- класс оқушылары күнделікті тұрмыста кездесетін қызықты тәжірибелер жасап, оның себептерімен таныстырды.



Көпмәдениет және көркем-эстетикалық тәрбие бағыты бойынша мерекелік даталарды атап өту жұмыстары жүргізілді. Мектепте «Қолөнер», «Арт дизайн», «Вокал» үйірмелері жүргізілді. Оқушылар әртүрлі байқауларға, сайыстарға қатыстырылды. 9 “А”- кл оқушысы Файзуллина Дильбара Республикалық “Мың бала” мәдени-ағартушылық жобасы аясында өткен “Өнерлі өрге жүзер” байқауында өнер көрсетіп, қалалық кезеңінде 1-орын жеңіп алып, облыстық кезеңінде АЛҒЫС ХАТПЕН марапатталды. Ақтөбе гуманитарлық колледжінің 100 жылдығына орай облыстың шығармашыл жастарын қолдау мақсатында ұйымдастырылған “Екі жұлдыз-бір арман” эн байқауында мектебіміздің 9”В” класс оқушысы Акзамов Данияр жүлделі I ОРЫН иеленді. Қалалық Оқушылар сарайында облыстық деңгейдегі “Мектеп аруы-2023” байқауы ұйымдастырылды. Байқауда қаламыздың 15 аруы таныстыру, өз өнері, қол өнер сайыстары бойынша бақ сынады. Осы байқауда мектебіміздің атынан шыққан 10”Ә” класс оқушысы Омарова Аружан “Білімді ару” номинациясын жеңіп алды. “Менің қиялымдағы гүлдер” трэш-арт қалалық байқауында 4 “Ә”-класс оқушылары Дүйсембина Аяулым 3-орын, Искалиев Ерасыл 2-орын иеленді. Қалалық " Жаңа жылдық ойыншықтар" шығармашылық байқауына қатысып жүлделі II Сапарғалиева Кәусар, Қуанышқали Кәусар мен Салаватқызы Жансезім алғыс хатымен марапатталды. 5 “Г” класс білім алушылары “Оқуға құштар мектеп- оқуға құштар ұлт”, “Балалар және театр” жобалары аясында 5-кластар арасында өткен қалалық білім бәйгесіне қатысып, жүлделі III орын иеленді. “Балалар жылы” аясында ұйымдастырылған “Үздік класс” әуесқой мобилографтар байқауына белсенді қатысып 6”Б” класы Алғыс хат иеленді. Қалалық “Күз-алтын мезгіл” сырттай сурет байқауында мектебіміздің оқушылары үздік нәтиже көрсетіп, Ибрагимова

Диана 2-орын иеленді. Мектебіміздің 9”А” класс білім алушысы Сакенова Даяна халықаралық “Шабыт” өнер байқауына қатысып, БАС ЖҮЛДЕ иеленді. Мектебіміздің 8”А” класс оқушысы Рахмет Аянат Қалалық “Тіл білгірлері” сайысына қатысып, жүлделі ІІІ орын иеленді. Сонымен қатар, балалар жылы аясында мектебімізде “Жас Ұлан” балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұйымдастыруымен “Жайдарман” ойыны ұйымдастырылды. Ойынға 8”А”, 8”Ә”, 8”Б”, 8”В”, 9”В” кластарының командалары өз әзілдерін ұсынды.



Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің жұмысы


Бекітілген кеңес мүшелері әр айдың төртінші жұмасында немесе жоспардан тыс уақытта тәртіп бұзған, сабақтан көп қалатын, сабаққа кешігетін, тәртібі мен үлгерімі бойынша оқушыларды және олардың ата-аналарын кеңеске шақырады, кеңеске арнайы шақыру хат арқылы шақырылады.

2022–2023 оқу жылында мектеп бойынша тоғыз рет кезекті «Құқық бұзушылықтың алдын алу отырысы» және екі рет кезектен тыс отырысы өтті.

«Қиын» балалармен жұмыс.

2022-2023 о.ж. мектепшілік бақылауда оқушылар болған жоқ.

Қалалық ІІБ бақылауда тұрған оқушылар



Құқық бұзушылыққа бейім және девианттық мінез-құлқы бойынша "Тәуекел тобы" есебіне

алынған оқушылар тізімі

| № п / п | Аты-жөні (толық) | туған жылы, айы, күні | ЖСН (ИИ Н) | Оқу орны, класы | Есепке алынған уақыты, себебі | Отбасының әлеуметтік статусы (толық, аз қамтылған, көп балалы) | Ата-анасы (қамқоршысы) туралы ақпарат (аты-жөні, жұмыс орнын көрсету) | Атқарылған шаралар | қосымша біліммен қамтылуы (үйірме, секция атауын жазу, қашаннан бастап қатысатындығын көрсету) |
|---------|----------------------------|-----------------------|----------------------|--------------------|---|--|--|---|--|
| 1 | Макади Амина | 21.11.2007ж | 0711 2165 3211 | №30 ом 9б класы | Денсаулығы және тәртібі бойынша №5 хаттама 15.01.2022ж. | толық емес отбасы | Түлегенова Бульмай-жұмыссыз | Түсіндіру жұмысы профилактикалық жұмыстар,тренингтер,жек е бақылануы | "Инабат" қыздар клубы |
| 2 | Төлеуказы Абдуллах Әсетұлы | 29.11.2009ж | 0911 2955 3514 | № 30 7 в класы | Тегін ыстық тамақпен қамтылған білім алушы. Көп балалы,АӘК 30.03.2022ж №8 хаттама | толық көпбалалы аз қамтылған отбасы | Мажитов Асет-дәнекерлеуші Алмағамбетов а Мейрамгул - үй шаруасында | Түсіндіру жұмысы профилактикалық жұмыстар,тренингтер,жек е бақылануы | Волейбол секциясы |
| 3 | Шарипов Айболат Нуртайұлы | 03.08.2008ж | 0808 0355 1532 | № 30 9а класы | Тегін ыстық тамақпен қамтылған білім алушы.Көп балалы,АӘК 30.03.2022ж №8 хаттама | толық көпбалалы аз қамтылған отбасы | Шарипов Нуртай- ТОО "Фектор-строй" Абишева Нурия - жұмыссыз | Түсіндіру жұмысы профилактикалық жұмыстар,тренингтер,жек е бақылануы | Волейбол секциясы |
| 4 | Өнгенбай Жәнібек | 18.10.2008ж | 0810 1855 1369 | №30 8в класы | Тәртібіне байланысты №4 хаттама 14.12.2022ж | толық көпбалалы аз қамтылған отбасы | Өнгенбай Тілек - дәнекерлеуші Мамбет Жанерке- "Ислам" бала бақшасы көмекші | Түсіндіру жұмысы профилактикалық жұмыстар,тренингтер,жек е бақылануы | Волейбол секциясы |
| 5 | Ибраева Аружан | 02.08.2012ж | 1208 0260 1150 | №30 5г класы | Тәртібіне байланысты №8 хаттама 10.02.2023ж | толық отбасы | Ибраева Жанат- ТОО "Формула чистоты групп" есепші Ермағамбетов Ерлан - (өгей әке) ИП "Техник" оператор | Түсіндіру жұмысы профилактикалық жұмыстар,тренингтер,жек е бақылануы | Ажур үйірмесі |
| 6 | Әлібек Арсен | 17.08.2008ж | 0808 1755 4533 | №30 9в класы | Тәртібіне байланысты №8 хаттама 10.02.2023ж | толық емес отбасы | Бердешева Гулмира - тоо "Анвар"кассир | Түсіндіру жұмысы профилактикалық жұмыстар,тренингтер,жек е бақылануы | Баскетбол секциясы |
| 7 | Данабек Жәңгірхан | 05.02.2007ж | 0702 0555 1659 | №30 10ә класы | Тәртібіне байланысты №10 кезектен тыс хаттама 30.03.2023ж | толық отбасы | Сүлейменов Ринад -СНПС Ақтөбе мұнайГаз машинист Сүлейменова Назым -үй шаруасында | Түсіндіру жұмысы профилактикалық жұмыстар,тренингтер,жек е бақылануы | Баскетбол секциясы |
| 8 | Төлеу Нұрадұл | 23.07.2007ж | 0707 2355 3235 | №30 10ә класы | Тәртібіне байланысты №10 кезектен тыс хаттама 30.03.2023ж | толық отбасы | Медетов Адилбек -ТОО СМС ГРУПП слесарь Медетова Айгул - мұғалім | Түсіндіру жұмысы профилактикалық жұмыстар,тренингтер,жек е бақылануы | Волейбол секциясы |
| 9 | Төлеуғалиев Сағадат | 27.10.2006ж | 0610 2755 1345 | №30 10ә класы | Тәртібіне байланысты №10 кезектен тыс хаттама 30.03.2023ж | толық отбасы | Муханғалиев Талғат -"Интергаз" оператор Абушанова Света- үй шаруасында | Түсіндіру жұмысы профилактикалық жұмыстар,тренингтер,жек е бақылануы | "Қаһарман" әскери |

«Тәртіп сақшылары» тобының жұмысы.

Мектебіміздің «Тәртіп сақшылары» тобында 9 ұстаз және 12 оқушы жұмыс жасайды.

«Тәртіп сақшылары» тобының мақсаты:

- Мектепшілік тәртіп бұзушыларды, сабаққа қатыспайтын оқушыларды бақылау, олармен жұмыс жүргізу.
- Мектеп ережесін бұзатын оқушылармен жұмыс жүргізу.
- «Қиын» оқушылармен, «қиын» жанұямен жұмыс жүргізу.

Әр айдың 3 – 4 аптасында жұма, сенбі күндері рейдтерге шығып тұрды.

Мектебіміз орналасқан мөлтек ауданымыздағы кафе–барлар, компьютерлік клубтар, базарлар, сауда үйлеріне рейдтер жасалды. Қалалық зауыт полиция бөлімшесі қызметкерлерімен біріккен «Жасөспірім», «Балалар түнгі қалада», «Жазғы демалыс» операцияларына қатысты.

Кемшіліктер: Ата–аналар тарапынан балаларын қадағалаудың нашарлығы. Балаларының «Күн тәртібін» дұрыс қойылмауы, қадағалаудың аздығы, бос уақыттың көптігі.

Құқықтық-лекторлық топ

2022-2023 оқу жылына арналған мектепшілік құқықтық- лекторлық топтың жоспары құрылып, құқықтық –лекторлық топ мүшелері тағайындалды.

Құқықтық-лекторлық топтың құрамына 5- мұғалім, мектеп психологтары, 5- оқушы кіреді. Жыл бойы құқықтық-лекторлық топ мүшелері әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырды.

- Мектеп ЖІЖИ-мен кездесулер
- «Құқық білім апталығын ұйымдастыру
- «Адам құқығы- бала құқығы!» айлығы қараша
- Облыстық наркологиялық мамандармен кездесулер- қараша, желтоқсан
- «Мектеп ережесін сақтайық!» акциясы -қыркүйек
- «Құқықбұзушылықтың алдын ал» -пікірталас- наурыз
- «Жасөспірім және буллинг» наурыз, сәуір
- «Адам және заң» дөңгелек үстел- сәуір

Оқушылардың сабақтан тыс уақытын ұйымдастыру.

Мектепшілік үйірме- секциялардың жұмысы

2022-2023 оқу жылының басында мектепшілік үйірме- секциялар жұмысының кестесі бекітілді. Үйірме-секция жетекшілерінің міндеттері түсіндіріліп, қоғамдық негізде және ақылы негізде жұмыс жасайтын үйірме-секциялар кестесі жасақталды.

Білім алушылардың бос уақытының дұрыс ұйымдастырылуы төмендегі үйірме-секциялар жұмысының нәтижелілігімен байланысты:

«Қаһарман» әскери- патриоттық клубының жетекшісі - Қ.Жұбатыров, «Мәнерлеп оқу» үйірмесінің жетекшісі - Н.Сүлейменова , «Ұшқыр ой» дебат үйірмесінің жетекшісі - Е.Мұқанбетсадықов , «Вокал» үйірмесінің жетекшісі - С.Әлімжанұлы , «Домбыра» үйірмесінің жетекшісі -Д.Тельман «Инабат» қыздар клубының жетекшісі - Э.Еркінқызы, «Арт дизайн» үйірмесінің жетекшісі - А.Медетова, «Қолөнер» үйірмесінің жетекшісі - Ш.Байшағанова , «Экоәлем» үйірмесінің жетекшісі - Қ.Ермұхамбетова , «Биоәлем» үйірмесінің жетекшісі - Д.Ысқақ, «Қалалық жас туристер стансасы» МКҚК, «Ажур» тоқыма үйірмесінің жетекшісі - З.Карагулова , «Балалар және жасөспірімдер шығармашылық үйі»МКҚК, «Қызықты математика» - 1а,1ә,1б,1в,1г, 2а,2ә,2б,2в,2г

«Математика әлемі» - 3а,3ә,3б,3в, 4а,4ә,4б,4в,4г, «Баскетбол» секциясы А.Х.Сағындық., «Волейбол» секциясы - Әр үйірме-секция жұмысының жұмыс жасау графигі жасақталған. «Қаһарман» әскери- патриоттық клубының мүшелері қалалық «Мерген сарбаз» пневматикалық винтовкадан нысана көздеп атудан III орын иеленді. Микротоп арасындағы «Жасұлан» әскери-спорттық сайысынан II орын иеленді. Сонымен қатар, әскерге дейінгі жасөспірімдер арасында өткізілген, әскери-қолданбалы спорт түрінен, жарыстың үш түрі бойынша жалпы мектеп командасы III орын, 1000 м жүгіруден III орын, нысана көздеп атудан III орын иеленді. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне арналған қала мектептерінің 2008-2009 жылы туылған жасөспірімдер арасында “Жас ұлан” әскери-қолданбалы спорт түрлерінен болған сайыста жүлделі I орын иеленді. Мамыр айында болатын мектепшілік «Жас ұлан» саптық жүріс байқауына және далалық жиынға дайындықтар жүргізілуде.

Н.Қуанышбай , «Тоғызқұмалақ» - Б.Ораз «Жеңіл атлетика» - К.Нургалиева , «Гандбол» - Н.Сәндібек, «Шаңғы спорты» - Қ.Жұбатыров , «Шахмат» - Б. Сағындық , «Үстел теннисі» -К.Нургалиева , «Футбол» - Н.Турсынбаев.

«Мәнерлеп оқу» үйірмесі барлық мектепшілік шараларға қатысып, мәнерлеп оқуға деген білім алушылардың қызығушылығын арттыруда. Атап айтсақ, «Мәнерлеп оқу» үйірмесінің мүшелері, алғашқы қоңырау салтанатында, қарттар күніне арналған мерекелік концертте, 25-қазан Республика күніне орай «Қыран елім- Қазақстаным» атты мерекелік концертте, әкелер конференцияларында, 1-наурыз Алғыс айту күнінде өз өнерлерін көрсетті. Құрамында 7-16 жас аралығындағы 30 білім алушы бар.

«Үшқыр ой» дебат үйірмесі де кесте бойынша өз жұмысын жүргізіп, білім алушылардың дебат ойындарына деген қызығушылығын арттыруда Жетекшісі- Е.Мұқанбетсадықов. Дебат мүшелері мектепшілік , мектепаралық турнирлер ұйымдастырып, қалалық Бұқар жыраудың туғанына - 330 жыл толуына орай “Көмекей әулие-Бұқар жырау” атты Ақтөбе мектеп лигасы пікірсайыс турнирінде мектебіміздің “Сақ” дебат клубы үздік шығып, III орын иеленді. Сонымен қатар, дебат мүшелері «Біз жемқорлыққа қарсымыз» қалалық плакаттар байқауына қатысып, жүлделі III,II орын иеленді.

«Вокал» үйірмесіне де білім алушылар қызығушылықпен қатысып, мектепшілік шараларға белсене өз өнерлерін көрсетуде. Сонымен қатар, мектепшілік «Вокал» үйірмесінің білім алушылары Роза Бағланованың 100 жылдығы аясында өткізілген "Ақмаңдайлым" қалалық ән байқауы- III орын; Ескендір Хасанғалиевтың шығармашылығына арналған облыстық "Атамекен" ән байқауы - III орын; "Жырлаймын сені, туған ел!" қалалық ән байқауы- алғыс хат иеленді. Жетекшісі - С.Әлімжанұлы.

«Инабат» қыздар клубының мүшелері де үйірмеге қызығушылықпен қатысып, қыздар арасында түрлі шаралар ұйымдастыруда.№1 қалалық емхана дәрігерлерімен кездесулер ұйымдастырылды. «Шебер ана- икемді қыз» тақырыбында шебер класс ұйымдастырды. Жетекшісі - Э.Еркінқызы.

«Сахна өнері» үйірмесінің мүшелері жалпы және қосымша білім беру ұйымдарының оқушылары арасында ұйымдастырылған “Байсалдылық туралы әзілмен!” балалар әуесқой театрлары байқауында “Үздік сахналық костюм” номинациясы бойынша үздік нәтиже көрсеткен 5”Г” класының “Сахна өнері” тобы алғыс хат иеленді. “Оқуға құштар мектеп- оқуға құштар ұлт”, “Балалар және театр” жобалары аясында 5- кластар арасында өткен қалалық білім бәйгесіне қатысып, жүлделі III орын иеленді. Жетекшісі – Б.Ұзақбаева.

«Арт дизайн» үйірмесінің мүшелері де жетістіктерге жетуде, қалалық сурет байқауларына қатысып, жүлделі орындар иеленді: «Қыс қызығы» –III орын, «Біздің тату жануя» қалалық сайысына қатысты. Жетекшісі - А.Медетова.

«Экоәлем» үйірмесінің мүшелері мектепшілік сенбіліктерге қатысып, экологиялық бағытта әртүрлі шараларға қатысуда. Жетекшісі - Қ.Ермұхамбетова,

«Биоәлем» үйірмесінің жетекшісі - Д.Ысқақ, «Қалалық жас туристер стансасы» МКҚК, «Ажур» тоқыма үйірмесінің жетекшісі - З.Карагулова, «Балалар және жасөспірімдер шығармашылық үйі» МКҚК, «Домбыра» үйірмесі Д.Тельман.

Сонымен қатар, бастауыш кластар бойынша «Қызықты математика», «Математика әлемі» тақырыптарында үйірме жұмыстарын класс жетекшілер өткізеді.

Ақылы негізде «Баскетбол» секциясы А.Х.Сағындық., «Волейбол» секциясы - Н.Қуанышбай, «Тоғызқұмалақ» - Б.Ораз, «Жеңіл атлетика» - К.Нургалиева, «Гандбол» - Н.Сәндібек, «Шаңғы спорты» - Қ.Жұбатыров, «Шахмат» - Б. Сағындық, «Үстел теннисі» - К.Нургалиева, «Футбол» - Н.Турсынбаев өткізуде. Футболдан мектеп лига бағдарламасындағы фutsal ойынынан қыздар арасында 9-11 кл жүлделі ІІ орын, ер балдар 9-11 кл - 5 орын.

Мектеп лига бағдарламасындағы футбол ойынынан 9-11 кл арасында ер балалар, 9-11 кл арасында қыздар, 7-8 кл арасында қыздар финалға жолдама алды.

«Тоғызқұмалақ» үйірмесінің мүшелері қалалық, облыстық білім беру ұйымдары мен жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында өткен ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ЛИГАСЫ ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ жарысына қатысып, жүлделі І орын иеленді. 25 қазан - Республика күніне орай қалалық мектеп оқушылары арасында ұйымдастырылған Тоғызқұмалақ жарысында мектебіміздің 4 ә класс оқушылары: Рашид Сұлтан-Іорын, Алдияр Ақылбек - 2 орын, Бақыт Әли - 3 орын, Мұхтарұлы Мансур - 3 орындарды иеленді.

7-8 кластар арасында ұлдар командасы – ІІ орын, қыздар командасы - ІІ орын иеленген.

Мектепте барлығы 16 үйірме, 9 секция жұмыс жасайды. Үйірмеге – 618 білім алушы, спорттық секцияға – 360 білім алушы қатысады.

Барлық үйірмелер құрылған кесте бойынша өткізілді. Спорттық секциялар сенбі күндері бекітілген уақыт бойынша жүргізілді. Оқушының бос уақытын дұрыс ұйымдастыру мақсатында қосымша үйірмелерге оқушылардың 90 пайызы қатыстырылып отыр.


Барлық бала саны – 1077

Мектепшілік үйірме – 618 (57%)

Мектептен тыс үйірме - 226 (22%)

Мектепшілік секция – 360 (33%)

Мектептен тыс секция – 108 (10%)



Мектепшілік клубтар - 6 («Парасат», «Инабат», «Еріктілер» клубы, «Адал ұрпақ», «Әкелер клубы», «Аналар клубы», «Тәртіп сақшылар тобы, «Жас жол инспекторлары») «Жас ұлан» ұйымы «Жас қыран» (1-11 кл.)

Жас Қырандар саны-375

Жас Ұландар саны-583

958 оқушы - 89%

Клубтар - (9-11 кл.) 88 оқушы - 8%

1. «Парасат» клубы-30 оқушы

2. «Адал ұрпақ» клубы -30 оқушы

3. Еріктілер клубы -12 оқушы
4. «Инабат» клубы – 15 оқушы

Класс жетекшілер туралы мәліметтер

2022-2023 оқу жылында -47 класс жетекші жұмыс жасады.

Олардың барлығы жоғары білімді.

| | |
|------------------------|---------------|
| Педагог –зерттеуші- 17 | I санатты -1 |
| Педагог-сарапшы – 7 | II санатты- 2 |
| Педагог- модератор- 10 | Санатсыз - 10 |

Класс жетекшілердің жалпы теориялық және методикалық деңгейін көтеруде, мектепшілік сынып жетекшілер бірлестігі үлкен роль атқарады. Класс жетекшілер бірлестігінің жұмысының ұйымдастырылуы:

1. Класс жетекшілер бірлестігінің жұмыс жоспары бірлестік отырысында талқыланып ағымдағы оқу жылында орындалады.
2. Класс жетекшілер бірлестігінің жоспары мектептің оқу -тәрбие жоспарының бөлігі болып саналады.
3. Класс жетекшілер бірлестігінің отырысы айына бір рет өткізіледі.
4. Класс жетекшілер отырысы хаттамаланады. (отырыста талқыланып отырған мәселелер көрсетіледі, қаулы мен ұсыныстар, шығып сөйлеушілердің сөзі қосымшада беріледі)
5. Оқу жылының аяғында бірлестіктің жұмысы қорытындыланады.

Класс жетекшілер бірлестігінің жұмыс жоспарына сәйкес жыл басында класс жетекшілер бірлестігінің жұмыс жоспары бекітіліп, жас және жаңадан тағайындалған класс жетекшілерге арналған «Нормативтік құжаттар» тақырыбында мәліметтер беріледі. Сонымен қатар, «Қазіргі заман мектебі класс жетекшісінің қызмет ету жүйесі», «Класс сағатын өткізу әдістемесі», ЖҚТБ орталығының мамандарымен кездесу, «Класс жетекшісінің ата-анамен жұмыс жасаудағы тиімділігі» класс жетекшілердің ата-аналармен жұмыс жасауының тиімді тәсілдері, «Қосымша негізгі бағдарламаларының берілуіндегі жаңа технологияларды қолдану әдістері», «Оқушылардың тәрбиелік деңгейлерін анықтау әдістемесі» «Жас сынып жетекшілерге тағайындалған тәлімгерлердің есебі», «Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары», «Ата-анамен жұмыс түрлері», «Қыз және ер бала тәрбиесі», «Жас Ұлан» ұйымының жұмысы, «Сынып жетекшілердің пән мұғалімдерімен байланысы мен сабақтастығы», «Сыныптың бос уақытын дұрыс жоспарлау теориясы мен практикасы», «Сыныптағы тәрбие жұмыстарының жаңа ізденістері», «Сынып белсенділерінің жұмыстары», «Сынып жетекшісі жұмысының мониторингі» және «Дін және жастар» тақырыбындағы мәселелер қаралып, талқыланып отырылды.

Тәрбие жұмысын бақылау

2022-2023 оқу жылын талдай келе, мектепшілік тәрбие жұмысын, ата-анамен жұмыс, класс жетекшілер жұмысына төмендегідей талдау жасалды:

- Үнемі бақылауда:**
- 1) Ата-анамен жұмыс және олардың ата-аналар жиналысына қатысымы.
 - 2) Оқушылардың сабаққа қатысымы және мектеп формасының сақталуы.
 - 3) Класс бөлмелерінің тазалығы, гүлдендірілуі.
 - 4) «Қиын» балалармен жұмыс.

Тамыз

- Мектеп түлектерінің еңбекке орналасуы
- (9,11 кл) Оқушылардың оқуды жалғастыруы туралы ақпарат жинау. Мектеп мониторингін өткізу мақсатында базаны толықтыру.
- 2022-2023 оқу жылы бойынша мектептің тәрбие жұмысын жоспарлау

- 2022-2023 оқу жылына арналған нұсқау хатпен таныстыру, жас класс жетекшілерге тәлімгер тағайындау

Қыркүйек

- Мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндердің жолда жүру ережелерін үйрету мақсатында жасалатын іс-шаралар
- Сабақ кезіндегі өмір қауіпсіздігі туралы нұсқаулық
- Үйірме жұмыстарымен оқушыларды қамту Білім алушылардың үйірме-секция, клуб жұмыстарының ұйымдастырылуы.
- Оқушылардың мектепке тыйым салынған заттарды әкелмеуі

Қазан

- Оқушылардың тәрбиелік деңгейі оқушылардың тәрбиелік деңгейін анықтау

Қараша

- Білім алушылардың бос уақытының қамтылуын ұйымдастырылуы
- Құқықбұзушылықтың алдын-алу жұмыстарының барыс
- Мектеп оқушылары арасында деструктивті діни идеологияның таралуын болдырмауға бағытталған іс-шаралар оқушылар арасында деструктивті діни идеологияның таралуының алдын алу
- Класс сағаттарының жүргізілу деңгейі

Желтоқсан

- Білім алушылардың сабаққа қатысымы
- Тәрбие жұмысының ұйымдастырылу жағдайы
- «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» шеңберінде ұйымдатырылған іс-шаралардың жүргізілуі
- «Оқуға құштар мектеп» жобасының жүргізілуі
- Қамқоршылық кеңесінің жұмысы
- 2022-2023 оқу жылындағы ата-аналардың мектепшілік шараларға қатысымы «Шаңырақ» ата-аналар клубының жұмыстары, ата-аналардың шараларға қатысымын бақылау

Қаңтар

- Оқушыларға кәсіптік бағдар берудегі пән мұғалімдерінің ролі
- Каникул кезіндегі өткізілетін іс-шаралар
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру бағытындағы және мектепшілік «Адал ұрпақ» клубының жұмысы
- Мектеп оқушыларының өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы
- Мектепшілік «Тәуекел» тобындағы білім алушылармен жүргізілген жұмыстар

Ақпан

- Жас класс жетекшілерге әдістемелік көмек
- Оқушылар арасында қылмыс пен тәртіпбұзушылықтың алдын алу мақсатында рейд жұмысының нәтижесі
- Мектеп оқушылары арасындағы құқық бұзушылық пен ерте жүктіліктің алдын алу жұмыстары Полиция бөлімімен бірлескен жұмыстар
- «Тәртіп сақшылары» жұмысы
- «Kundelik.kz» класс сағаттарының толтырылуы
- Білім алушылардың бос уақытының қамтылуын ұйымдастырылуы Білім алушылардың бос уақытының қамтылуын қадағалау

Наурыз

- Мектептегі кластан тыс шаралардың ұйымдастырылуы
- Каникул кезіндегі өткізілетін іс-шаралар Каникул кезіндегі өткізілетін іс-шаралардың ұйымдастырылуы
- «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты тәрбие жүйесінің жаңа форматтағы жобалары Тәрбие жүйесінің жаңа форматтағы жобаларын жүзеге асыру

- Білім алушылардың сабаққа қатысымы Білім алушылардың күнбе-күнгі сабаққа қатысымын қадағалау
- ӨҚН,ЖЖЕ тақырыптарының электронды күнделікке толтырылуы ӨҚН,ЖЖЕ тақырыптарының электронды күнделікке толтырылуын қадағалау

Сәуір

- Тәрбие жұмысының 8 бағыты бойынша атқарылған жұмыстар туралы Тәрбие жұмысының жүргізілуі
- Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар Ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың есебі

Мамыр

- Мектеп оқушыларының жазғы демалысының ұйымдастырылуы және өмір қауіпсіздігінің алдын алу шаралары Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру және өмір қауіпсіздігінің алдын алу
- Құқықбұзушылықты болдырмау мақсатындағы жұмыстардың
- жоспар бойынша орындалуы
- Білім алушылардың сабаққа қатысымы Білім алушылардың күнбе-күнгі сабаққа қатысымын қадағалау
- «Оқуға құштар мектеп» жобасының туралы «Оқуға құштар мектеп» жобасының жүргізілуін бақылау

Баспа әрекеті

2022-2023 оқу жылы бойынша мектепшілік баспадан шыққан әдістемелік құралдар:

1. Мақалалар берілуі

Сырт мекемелермен байланыс, мектептен тыс іс-шараларға қатысу

2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысында кластан тыс іс-шаралар өткізілді. Мектептен тыс мекемелермен тығыз байланыс орнаған.

Қорытынды: 2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысы жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізіндегі тәрбие тұжырымдамасына сәйкес 8 бағыт бойынша жұмыстар қамтылды.

Кемшіліктер: Ата-аналардың мектеппен тығыз байланыс жасауы әлі де аздық етеді.

2023-2024 оқу жылына

Ұсыныс:

1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығын және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы негізінде жүргізілген жұмыстарды қорытындылай отырып, мектептің тәрбие жұмысының іс- тәжірибесін жинақтау, әдістемелік құрал даярлау және баспаға ұсыну.
2. Аталған тәрбие жұмысы тақырыбы жалғастырылсын. Үздік класс жетекшілер мектепшілік марапаттауға ұсынылсын.
3. Оқушылардың өзіне деген сенімін қалыптастырып, өзара қарым-қатынаста болуға көмектесетін мектеп ұйымының жұмысы сапалы түрде жалғастырылсын.
4. Класс сағаттарындағы тәрбиелік міндеттердің жүзеге асырылуын, жоспарлаған іс-шараның сапасын, өмірмен байланыстылығын, оқушының өмірге көзқарасын қалыптастыру дәрежесінің деңгейін көтерсін.
5. Класс жетекшілер жеке баланың отбасының әлеуметтік жағдайын жан-жақты зерттеу жұмыстарын бірізді жүйеге келтіруді тұрақты түрде жалғастырсын.
6. Сырт мекемелермен тығыз байланыс жасап қана қойылмай нәтижелерге жұмыс жасалсын.
7. Тәрбие саласы бойынша түрлі деңгейдегі байқауларға қатысым деңгейін көтеру.

Орындаған: _____ М.Мукатова

Дир.ТІЖ орынбасары

